**ТҮРК ІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША**

**ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

# АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**«Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2023ж**

# МАЗМҰНЫ

**I. Кіріспе бөлік**

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

**II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

**III. Қорытынды бөлік**

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлау және атқару тиімділігі;

2) мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

**1.3.Мемлекеттік аудит объектілері:**

«Жетісай аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы «Жетісай ауданы әкімінің аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Жетісай қаласы әкімі аппараты» ММ, «Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Асықата кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі , «Абай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Атамекен ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Мақталы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Ынтымақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Жетісай ауданының, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдаурен» күндіз болу орталығы» КММ, Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» КММ, Жетісай ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Асыл қазына және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жетісай ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Жетісай ауданы Ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ, Жетісай ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Жетісай ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Жетісай ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, оның ішінде үстеме аудит: Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» МКҚК, Жетісай ауданы Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ, Жетісай ауданы Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ, Жетісай ауданы Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай спорт клубы» КММ, Жетісай

ауданының «Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ, Жетісай ауданының «Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, оның ішінде үстеме аудит: Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ШЖҚ «Жетісай су» МКК, Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» КММ, Жетісай ауданының «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2021 жылдың 01 қаңтарымен 2023 жылдың 30 қыркүйегі аралығы.

**II.Негізгі (талдамалық) бөлік:**

**2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 12.10. - 08.12.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 33 аудит объектісі қамтылды, оның ішінде 2 үстеме тексеру, 24 мемлекеттік мекеме, 8 коммуналдық мемлекеттік мекеме және 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Жетісай ауданының мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігіне және даму жоспарының іске асырылуына тиімділік және сәйкестік аудиті жүргізілді.

Жалпы Жетісай ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

**1. Мемлекеттік аудит объектілерінің міндеттері мен функцияларының іске асырылуы.**

Жетісай ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері 2022 жылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, экономиканың нақты секторы, әлеуметтік саланың негізгі көрсеткіштері қамтылған.

Жетісай ауданы негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылады.

Аудан құрамына 1 қала (Жетісай қаласы) 11 (Жылы су, Ш. Діллдабеков, Қазыбек би, Абай, Атамекен, Ералиев, Қызылқұм, Мақталы, Ынтымақ, Жаңа ауыл, Қарақай) ауылдық округтері, 1 кент (Асықата) 111 елді мекен кіреді.

Аудан орталығы – Жетісай қаласы.

Жетісай ауданының 2022 жылғы жалпы өңірлік өнімі 153 453,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (131 139,0 млн. тенге) 22 314,7 млн. тенгеге артқан немесе 117,0 пайызға өскен.

Халық саны 187,2 мың адамды құрап (2021 жылы 175,6 мың адам), өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда халық саны 11,6 мың адамға өскен.

Жетісай ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 17 937,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,5%-ды құраған.

Ауыл шаруашылықтың жалпы өнім көлемі 105 739,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 113,7% құраған.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 15 053,9 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 7 998,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 775,7 млн. теңге, жеке сектор есебінен 6 133,4 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 4 088,7 млн.теңге.

Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 19 319 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 23 704 адам.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 65 500,0 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,23% құраған. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 6 бірлік.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 20 842,2 млн. теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 127,0 пайызға орындалған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2022 жылы 5,2 пайызды құраған. 2022 жылы тіркелген қылмыстардың саны 450 бірлік немесе 2021 жылмен (539) салыстырғанда 89 қылмысқа азайған немесе 83 пайызды құраған.

Жетісай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №16-94-VII шешімімен аудан бюджетінің кіріс бөлігі 33 818 499,0 мың теңге көлемінде бекітілген.

2022 жылы аудандық бюджетті нақтылау барысында кірістерге өзгерістер енгізіліп, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артты, яғни, 41 760 902,0 мың теңгені құраған. Кірістердің нақты түсімі 41 873 363,5 мың теңгені құрап, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артық немесе 100,3 %-ға орындалған.

101201 «Жеке табыс салығы» бойынша 2022 жыл басына бөлінуі Түркістан облыстық маслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №13/122-VII шешімімен облыс бюджетіне 50%, ал аудан бюджетіне 50% болып белгіленсе, бұл көрсеткіштер кейінгі нақтылауда Түркістан облыстық маслихатының 2022 жылғы 18 қарашадағы №18/224-VII шешімімен облыс бюджетіне 72,6%, ал аудан бюджетіне 27,4% болып белгіленген.

101202 «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 2022 жыл басына бөлінуі Түркістан облыстық маслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №13/122-VII шешімімен облыс бюджетіне 100,0%, ал аудан бюджетіне 0,0% болып бекітіліп, бұл көрсеткіштер кейінгі нақтылауда Түркістан облыстық маслихатының 2022 жылғы 18 қарашадағы №18/224-VII шешімімен облыс бюджетіне 100%, ал аудан бюджетіне 0,0% болып белгіленген.

101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 2022 жыл басына бөлінуі Түркістан облыстық маслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №13/122-VII шешімімен облыс бюджетіне 50%, ал аудан бюджетіне 50%

болып белгіліп, бұл көрсеткіштер кейінгі нақтылауда Түркістан облыстық маслихатының 2022 жылғы 18 қарашадағы №18/224-VII шешімімен облыс бюджетіне 76,2%, ал аудан бюджетіне 23,8% болып белгіленген.

103101 «Әлеуметтік салық» бойынша 2022 жыл басына бөлінуі Түркістан облыстық маслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №13/122-VII шешімімен облыс бюджетіне 50,0%, ал аудан бюджетіне 50,0% болып белгіліп, бұл көрсеткіштер кейінгі нақтылауда Түркістан облыстық маслихатының 2022 жылғы 6 мамырдағы №15/172-VII шешімімен облыс бюджетіне 54,7%, ал аудан бюджетіне 45,3% болып белгіленген.

2022 жылға арналған аудандық бюджеттің өзіндік кірістері бойынша жалпы түзетілген бюджет 2 827 385,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 2 939 850,4 мың теңге, яғни 112 465,4 мың теңгеге артығымен орындалған немесе орындалуы 104,0%. Атап айтқанда:

1. Салықтық түсімдер жоспарланған 2 736 420,0 мың теңгенің орнына 2 818 028,9 мың теңге түсіп, 103,0 %-ды құрап, 81 608,9 мың теңгеге артық орындалған.

2. Салықтық емес түсімдер жоспарланған 26 699,0 мың теңгенің орнына 25 530,7 мың теңге түсіп, -1 168,3 мың теңгеге кем орындалған.

3. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге 96 290,8 мың теңге түсім болған.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының қалалар мен аудандар бөлінісінде нысаналы индикаторларының декомпозициясы Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 13/123-VIII шешімімен бекітіліп, Түркістан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №19/234-VII шешімімен өзгерістер енгізілген.

Жетісай ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында 52 нысаналы индикатор жоспарланған.

2022 жылдың қортындысымен 42 нысаналы индикаторға қол жеткізілді, 3 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген. 7 индикаторға қол жеткізілмеген.

**2. Мемлекеттік аудит объектілерінің бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігі.**

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалынған. Жасалынған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Шығыстар есептеулері бекітілген заттай нормалардың негізінде жасалынған. Атап айтқанда:

- 111 «Еңбекке ақы төлеу» ерекшелік бойынша мекеме қызметкерлерінің жалақыларын есептеуде бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 30.10.2017 жылғы №687 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларына, ҚР Үкіметінің 16.10.2017 жылғы «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» №646қбп қаулысына (өзгерістер енгізілді: 30.06.2021 жылғы №451қбп қаулысымен), ҚР 23.11.2015 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» №416-V ҚРЗ Заңының 53-бабына, Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағы 5)-тармақшасына, 24-бабына және 103-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 358-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18.10.2013 жылғы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының 3-тармағына сәйкес есептелген;

- 113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жылына бір рет шығатын еңбек демалысы кезінде алатын емделу ақыларының есептемелері бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 87-бабына сәйкес есептелген;

- 121 «Әлеуметтік салық» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жалақысына есептелетін әлеуметтік салықты есептегенде Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 486, 487-баптарына сәйкес есептелген;

- 122 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелік бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарын есептегенде Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелген;

- 124 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігіне бойынша Қазақстан Республикасының 16.11.2015 жылғы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» №405-V ҚРЗ Заңының 26-бабы 2-тармағына сәйкес әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына төлейтін аударымдарына (2 пайыз) есептелген;

- 131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша келісім-шарт негізіндегі азаматтық қызметшілер мен жұмысшыларға Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың

қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 135 «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша азаматтық қызметшілер мен жұмысшылардың әлеуметтік салығы және әлеметтік сақтандыруды жоспарлау Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 486, 487-бабтарынажәне Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелінген;

- 136 «Техникалық персонал ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» және 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшілігі бойынша шығыстар есептеу кезінде «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулылары басшылыққа алынған;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

**3. Мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасау кезіндегі Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуы.**

Мемлекеттік аудит объектілерінде бухгалтерлік есеп жүргізу «1С бухгалтерия» бағдарламасымен жүргізілген. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығына аудит жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есебінде операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары» негізінде көрсетілген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына» сәйкестендірілген.

Бухгалтерлік есеп құжаттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандары альбомы» бекітілген нысандарға сәйкестендірілген.

Мекеменің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған және осы аталған бұйрықтарға сәйкес «Бухгалтерлік баланс», «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», «Қаржыландыру көздері (тікелей әдіс) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» есептері жасалып, мерзімінде ұсынылған.

Мекемеде шығыс операцияларын жүзеге асыруды ағымдағы қаржы жылына арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары шегіндегі шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жүргізілген.

Бюджеттік есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №630 бұйрығына сәйкес жасалған және уәкілетті органға белгіленген мерзімде тапсырылған.

Жетісай ауданының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

**2.2. Мемлекеттік аудитттің негізгі нәтижелері**

**Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша**

Жалпы аудитпен 32 396 526,0 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 568 246,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 16 960 963,0 мың теңге, 01.01.-31.09.2023 жыл кезеңі бойынша 14 867 317,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 33 объектінің ішінде 25-объектіде **8 200 725,3** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **4 593,2** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **8 196 132,2** мың теңге.

«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері) **149 910,0** мың теңгеге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) **500,0** мың теңгеге анықталған.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **8 200 725,3** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **8 196 132,2** мың теңге, өтелуге жататыны **4 593,2** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **8 200 391,4** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 8 196 132,2 мың теңге қалпына келтірілген болса, 4 259,2 мың теңгесі өтелген).*

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **157** бірлік бұзушылық фактілері **29** объектіде орын алған.

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I.** Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары **19** мекемеде **4 593,2** мың теңгені құраған, атап айтқанда:

- «Жетісай аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **327,5** мың теңге;
- «Жетісай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **106,5** мың теңге;
- «Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **27,6** мың теңге;
- «Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **185,0** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **64,3** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Асықата кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **22,0** мың теңге;
- Жетісай ауданының "Абай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі бойынша **31,3** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Атамекен ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **36,4** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **11,1** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **27,4** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Мақталы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **133,2** мың теңге;
- Жетісай ауданының «Ынтымақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **275,6** мың теңге;
- «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **840,1** мың теңге;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдаурен» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **72,0** мың теңге;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **39,5** мың теңге;

- «Жетісай ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **46,6** мың теңге;

- Жетісай ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **46,6** мың теңге;

- «Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **2 230,5** мың теңге;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша **70,0** мың теңге;

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс-сапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 2-тарау 3 тармақ 1,2 тармақшаларының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 175 тармағының талаптары сақталмаған.*

**II. 9** мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы **8 196 132,2** мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **319,0** мың теңге;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдаурен» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **779,6** мың теңге;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **987,0** тенге;

- Жетісай ауданының «Асыл қазына және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **45 120,0** мың теңге;

- «Жетісай ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **5 426 274,0** мың теңге;

- «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **1 826 087,5** мың теңге;

- Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **34 506,6** мың теңге;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **79,6** мың теңге.

- «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **861 978,9** мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4, 15, 33 тармақтарының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығы талаптары, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 4 бабы, 5 бабы 1,2 тармағының, 6 бабы 1,3 тармақтарының, 15 бабы 1 және 2 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 3 тармағының 1) тармақшасы, 5, 20 және 21 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

**III.** «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері) **149 910,0** мың теңгеге және тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) **500,0** мың теңгеге анықталған.

*Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.*

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **157** бірлік бұзушылық фактілері **29** объектіде орын алған, атап айтқанда:

- Түркістан облысы «Жетісай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;
- Жетісай ауданының «Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;
- Жетісай ауданының «Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;
- Жетісай ауданының «Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;
- Жетісай ауданының «Асықата кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- Жетісай ауданының «Абай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;
- Жетісай ауданының «Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;
- Жетісай ауданының «Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;
- Жетісай ауданының «Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 6 бірлік;

- Жетісай ауданының «Мақталы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының «Ынтымақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

- «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдаурен» күндіз болу орталығы» КММ бойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының «Асыл қазына және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- «Жетісай ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесі бойынша 10 бірлік;

- «Жетісай ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 8 бірлік;

- «Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесібойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 2 бірлік;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

- Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

- «Жетісай ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

- «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 22 бірлік;

- Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ШЖҚ «Жетісай су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 9 бірлік;

- Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

- «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 30 бірлік.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

Жетісай ауданының 2022 жылғы жалпы өңірлік өнімі 153 453,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (131 139,0 млн. тенге) 22 314,7 млн. тенгеге артқан немесе 117,0 пайызға өскен.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2022 жылы Жетісай ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 17 937,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,5%-ды құраған.

2022 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 65 500,0 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,23% құраған. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 6 бірлік.

2022 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 15 053,9 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 7 998,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 775,7 млн. теңге, жеке сектор есебінен 6 133,4 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 4 088,7 млн.теңге.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2022 жылы 5,2 пайызды құраған.

2022 жылы аудандық бюджетті нақтылау барысында кірістерге өзгерістер енгізіліп, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артты, яғни, 41 760 902,0 мың теңгені құраған. Кірістердің нақты түсімі 41 873 363,5 мың теңгені құрап, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артық немесе 100,3 %-ға орындалған. *Оның ішінде:*

Салықтық түсімдер бойынша жылдық жоспар 2 736 420,0 мың теңге болса, нақты 2 818 028,9 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 103,0 пайызға немесе 81 608,9 мың теңгеге артығымен орындалған.

Салықтық емес түсімдер бойынша жылдық жоспар 26 699,0 мың теңге болса, нақты 25 530,7 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 95,6 пайызды құраған немесе -1 168,3 мың теңгеге орындалмаған.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша 2022 жылы жоспар 64 266,0 мың теңге болып, түсімдер 96 290,8 мың теңгеге немесе 149,8 пайызды құраған.

2022 жылы трансферттер түсімі 38 933 517,0 мың теңге қаржы жоспарланып, қаржы толығымен түскен немесе 100 пайызға орындалған.

Аудан бойынша түсетін трансферттер түсімі 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 6 152 500,0 мың теңгеге артқан.

2022 жылғы түзетілген бюджет 42 423 892,0 мың теңгені құрап, кассалық шығыс 42 376 398,6 мың теңге игерілген немесе жоспар 99,9 пайызға орындалған. Игерілмеген қаржы -47 493,4 мың теңге. Оның ішінде; нақты ерекшеліктерден және мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделген қаржы 1 161,4 мың теңге.

Жалпы шығындар 16 функционалдық топ бойынша 42 423 892,0 мың теңгеге жоспар нақтыланып, 42 376 398,6 мың теңге игерілді немесе жоспар 99,9 пайызға орындалған, 47 493,4 мың теңге игерілмеген.

2022 жылы стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары заңнамада белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген, ондағы көзделген жоспарлық көрсеткіштер жоспардағы 188 бюджеттік бағдарламалар бойынша 186 бюджеттік бағдарламасы орындалып, 98.9 пайыздық көрсеткішке қол жеткізілген.

Жалпы Жетісай ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері негізінде орындалған.

**III. Қорытынды бөлік**

**3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

«Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы барысында анықталған бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, бюджет, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне **10** материал жолданған..

Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне:

1. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Асыл қазына және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзудың 2 фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман-есепшісі Н.Жумабековке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 30.11.2023-ғы №11/2701, 30.11.2023-ғы №11/2702 хаттарымен жолданған. Департаменттің 21.12.2023-ғы №02-38/4531, 21.12.2023-ғы №02-38/4533 хаттарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып 172 500 теңге айыппұл салынған.

2. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман-есепшісі Е.Сапарбаевқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 30.11.2023-ғы №11/2705 хатымен жолданған. Департаменттің 21.12.2023-ғы №02-38/4530 хатына сәйкес Е.Сапарбаев әкімшілік жауапкершілікке тартылып 86 250 теңге айыппұл салынған.

3. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас

маман-есепшісі Ж.Кәрібайға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 23.11.2023-ғы №11/2664 хатымен жолданған.

4. «Жетісай ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман-есепшісі М.Ауовқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 23.11.2023-ғы №11/2665 хатымен жолданған.

5. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман-есепшісі Е.Дәуренбекке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 30.11.2023-ғы №11/2700 хатымен жолданған.

6. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдәурен» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман-есепшісі Б.Надировқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 30.11.2023-ғы №11/2702 хатымен жолданған.

7. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес кәсіпорын басшысы Т.Досболовқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №11/2719 хатымен жолданған.

8. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес кәсіпорынның бас маманы Л.Сабироваға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №11/2720 хатымен жолданған.

9. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі

анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес мекеменің бас маманы М.Бердибековке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 19.12.2023-ғы №11/2864 хатымен жолданған.

Аудиторлық іс-шара және қорытынды әзірлеу барысында барлығы **21** жауапты лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылса, жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **8 200 391,4** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 8 196 052,6 мың теңге қалпына келтірілген болса, 4 338,8 мың теңге өтелген).*

Атап айтқанда:

**1. «Жетісай аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Р.Дильдабаева мекеме басшысының 16.11.2023-ғы № 47 ж/қ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Артық төленген 327 479 тенге бонустар 13.11.2023 жылғы №№2311134474598, 2311134489149 түбіртектерімен жергілікті бюджетке 206109 кодына толығымен өндірілген.

**2. Түркістан облысы «Жетісай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 107,0 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 06.12.2023 жылғы № 0003 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Г.Мырзақұлов мекеме басшысының 06.12.2023 жылғы №499-б/нқ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**3. Жетісай ауданының «Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 27,6 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 23.11.2023 жылғы №2311238615628 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі С.Досанбаев ауыл әкімінің 07.12.2023 жылғы №70 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**4. Жетісай ауданының «Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 185,0 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 22.11.2023 жылғы №№2311223966711, 2311225220841 түбіртектер. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі С.Аликулов ауыл әкімінің 07.12.2023 жылғы №52-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**5. Жетісай ауданының «Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Б.Калыбеков ауыл әкімінің 16.11.2023 жылғы №64-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**6. Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 64,3 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 08.12.2023 жылғы №334212263128 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-

есепшісі Ә.Шарапханов, алайда Ә.Шарапханов ауыл әкімнің 25.12.2019 жылғы №56-ә/жқ өкімімен жұмыстан босатуына байланысты тәртіптік шара қолданылмаған.

**7. Жетісай ауданының «Асықата кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 22,0 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 17.11.2023 жылғы №620300062750 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Әбдікаримов ауыл әкімінің 07.12.2023 жылғы №58-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**8. Жетісай ауданының «Абай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 31,0 мың теңге қаржылық бұзушылық 07.12.2023 жылғы №0013 бухгалтерлік анықтамамен 31,0 мың теңге қалпына келтірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Т.Жакипов ауыл әкімінің 07.12.2023 жылғы №45-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**9. Жетісай ауданының «Атамекен ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 36,4 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 07.12.2023 жылғы №334110517281 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Мейрамбек, алайда Н.Мейрамбек ауыл әкімнің 28.09.2023 жылғы №47-ә/жқ өкімімен жұмыстан босатуына байланысты тәртіптік шара қолданылмаған.

**10. Жетісай ауданының «Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 11,1 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 07.12.2023 жылғы № 0011 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Е.Юсупов, алайда Е.Юсупов ауыл әкімнің 02.10.2023 жылы жұмыстан босауына байланысты тәртіптік шара қолданылмаған.

**11. Жетісай ауданының «Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 27,4 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 07.12.2023 жылғы № 0015 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі Д.Мусаев ауыл әкімнің 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №70-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**12. Жетісай ауданының «Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Қахарбай ауыл әкімінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №42-ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**13. Жетісай ауданының «Мақталы ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 133,2 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 23.11.2023 жылғы №2311239544496 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі К.Кемелбек ауыл әкімнің 07.12.2023 жылғы №80 ө/жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**14. Жетісай ауданының «Ынтымақ ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі**. Аудит жүргізу барысында анықталған 275,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтың ішінара 11,7 мың теңгесі бюджетке өндірілген, 24.11.2023 жылғы №620300062750 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі Н.Досымов ауыл әкімнің 07.12.2023 жылғы №57 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**15. «Жетісай ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 46,6 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Б.Айдағараев мекеме басшысының 25.08.2023-ғы №21-Б/ЖҚ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**16. Жетісай ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 46,6 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген, 20.11.2023 жылғы №2311203141952 түбіртек. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Ораз мекеме басшысының 31.10.2023 жылғы №141 бұйрығымен қызметінен босатылуына және мерзімдерінің өтуіне байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

**17. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 861 978,9 мың теңге қаржылық бұзушылық бойынша бухгалтерлік есеп қалпына келтірілген.

**18. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 319,0 мың теңге қаржылық бұзушылық 23.10.2023 жылғы №18 бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілген. Артық төленген 840,1 мың тенге бонустар 08.11.2023 жылғы №№2311080097238, 2311080131668, 2311080157920, 2311080114414 түбіртектерімен толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Е.Сапарбаев мекеме басшысының 16.11.2023-ғы №97-тж/м бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**19. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Балдәурен» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 779,6 мың теңге қаржылық бұзушылық 30.10.2023 жылғы №5 бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілген. Артық төленген 16,3 мың тенге айлық жалақы мен міндетті зейнетақы жарналары 30.10.2023 жылғы №2310300483749 түбіртегімен толығымен бюджетке өндірілген. Артық төленген 55,7 мың тенге іссапар шығындары 30.10.2023 жылғы №№2310300477218, 2310300420030 түбіртектерімен толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Б.А.Надиров мекеме басшысының 15.11.2023 жылғы №170 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**20. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған «Үміт ұясы» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 987,0 мың теңге қаржылық бұзушылық 30.10.2023 жылғы №14 бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілген. Артық төленген 39,4 мың тенге айлық жалақы мен міндетті зейнетақы жарналары 30.10.2023 жылғы №2310300237409 түбіртегімен толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Е.О.Дәуренбек мекеме басшысының 16.11.2023 жылғы №254 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**21. «Жетісай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Асыл қазына және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 43 524,4 мың теңге және 1 595,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтар 08.11.2023 жылғы №7 және 07.11.2023 жылғы №8 бухгалтерлік анықтамалармен қалпына келтірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Жумабеков мекеме басшысының 16.11.2023 жылғы №190-б/жқ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**22. «Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 2 230,5 мың теңге қаржылық бұзушылық қалпына келтірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Г.Каримбаева мекеме басшысының 2023 жылғы 17 қарашадағы №48 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**23. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.** Аудит жүргізу барысында бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Д.Абілқасымов мекеме басшысының 2023 жылғы 17 қарашадағы №78 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**24. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 79,6 мың теңге қаржылық бұзушылық қалпына келтірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Р.Камал мекеме басшысының 2023 жылғы 16 қарашадағы №88 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**25. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі С.Шымкентбай мекеме басшысының 2023 жылғы 03 ақпандағы №18н/қ бұйрығымен қызметінен босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

**26. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Қалдарбеков мекеме басшысының 2023 жылғы 31 наурыздағы №51б/ж.қ бұйрығымен қызметінен босатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

**27. «Жетісай ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 5 426 274,0 мың теңге қаржылық бұзушылық бойынша бухгалтерлік есеп қалпына келтірілген.

**28. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 1 826 087,6 мың теңге қаржылық бұзушылық бойынша бухгалтерлік есеп қалпына келтірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Н.Әлмеш мекеме басшысының 2023 жылғы 06 қарашадағы №61-б/жқ бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**29. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит жүргізу барысында анықталған 34 506,6 мың теңге қаржылық бұзушылық бойынша бухгалтерлік есеп қалпына келтірілген.

**3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жалпы Жетісай ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалған. Жасалған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасалған және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

Ұсынған құжаттарға және 4-20 «Бюджеттік сыныптама бойынша шығыстар жиынтық есебі» нысанына сәйкес 2021 жылдың 01 қаңтарымен 2023 жылдың 31 қыркүйегі аралығында бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржылар жоспарланып игерілген.

Жетісай ауданының 2022 жылғы жалпы өңірлік өнімі 153 453,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (131 139,0 млн. тенге) 22 314,7 млн. тенгеге артқан немесе 117,0 пайызға өскен.

Жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 17 937,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,5%-ды құраған.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 65 500,0 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,23% құраған. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 6 бірлік.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 15 053,9 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 7 998,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 775,7 млн. теңге, жеке сектор есебінен 6 133,4 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 4 088,7 млн.теңге.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2022 жылы 5,2 пайызды құраған.

Аудандық бюджетті нақтылау барысында кірістерге өзгерістер енгізіліп, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артқан, яғни, 41 760 902,0 мың теңгені құраған. Кірістердің нақты түсімі 41 873 363,5 мың теңгені құрап, жоспар 7 942 403,0 мың теңгеге артық немесе 100,3 %-ға орындалған.

Түзетілген бюджет 42 423 892,0 мың теңгені құрап, кассалық шығыс 42 376 398,6 мың теңге игерілген немесе жоспар 99,9 пайызға орындалған. Игерілмеген қаржы -47 493,4 мың теңге. Оның ішінде; нақты ерекшеліктерден және мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемделген қаржы 1 161,4 мың теңге.

Жалпы шығындар 16 функционалдық топ бойынша 42 423 892,0 мың теңгеге жоспар нақтыланып, 42 376 398,6 мың теңге игерілді немесе жоспар 99,9 пайызға орындалған, 47 493,4 мың теңге игерілмеген.

2022 жылы стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары заңнамада белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген, ондағы көзделген жоспарлық көрсеткіштер жоспардағы 188 бюджеттік бағдарламалар бойынша 186 бюджеттік бағдарламасы орындалып, 98.9 пайыздық көрсеткішке қол жеткізілген.

Жалпы Жетісай ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері негізінде орындалған.

Жалпы аудитпен 32 396 526,0 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 568 246,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 16 960 963,0 мың теңге, 01.01.-31.09.2023 жыл кезеңі бойынша 14 867 317,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен 32 396 526,0 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 568 246,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 16 960 963,0 мың теңге, 01.01.-31.09.2023 жыл кезеңі бойынша 14 867 317,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 33 объектінің ішінде 25-объектіде **8 200 725,3** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **4 593,2** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **8 196 132,2** мың теңге.

«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері) **149 910,0** мың теңгеге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері) **500,0** мың теңгеге анықталған.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **8 200 725,3** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **8 196 132,2** мың теңге, өтелуге жататыны **4 593,2** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **8 200 391,4** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 8 196 132,2 мың теңге қалпына келтірілген болса, 4 259,2 мың теңгесі өтелген)*.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **157** бірлік бұзушылық фактілері **29** объектіде орын алған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Нысаналы индикаторлар көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып, нәтижелілік қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқарылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

**3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

1. «Жетісай ауданы бойынша аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ, ауданның даму жоспарының іске асырылуына

мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Жетісай ауданы әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын.

**1. Жетісай ауданының «Жетісай қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**2. «Жетісай ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**3. «Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**4. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына:**

1) 2024 жылғы 22 сәуірге дейін өтелуі тиіс 70,0 мың теңге өтелсін.

**5. «Жетісай ауданының Ынтымақ ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі:**

1) 2024 жылғы 22 сәуірге дейін өтелуі тиіс 263,9 мың теңге өтелсін.

**6. «Жетісай ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**7. Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ШЖҚ «Жетісай су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**8. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**9. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

1) 2024 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.